

Орал қалалық №1 жалпы орта білім беретін мектептің 11 «а» сынып
оқушысы Суюнгереева Гаухар Максотовна, kkkr_1980@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ – ЕЛІМ, ҰЛЫ ӨЛКЕМ

Ата-бабаларымыздың сан ғасырлардан бергі арманы – бұл елдің тәуелсіздігі мен еркіндігі. Сол тәуелсіздік пен еркіндік таңбасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тарихта өшпестей мөр болып басылды. Себебі, бұл егіз ұғымдар айтар ауызға мамықтай жеңіл болғанымен, шындығына келгенде оған жетуде сан жетпес адамның көз жасы мен талай аққан тері және өлшеусіз төгілген қанның дәлелі бар.

Мен осы көк байрағы желбіреген тәуелсіз елдің азаматшасымын. Жер бетінен 200-ден астам елдің арасынан ойып тұрып орын алған, Азияның кіндігінде орын тепкен, әлемде ұлан-байтақ жердің иесі атанған, «ҚАЗАҚ» деген ұлы халықтың перзентімін.

«Тәуелсіздік» деген сөздің өзі астарлы, мағынасы терең, қандай кең десеңізші! Ол өзінің асқақ арманын, шалқыған дәулетін, көркейген сәулетін өлең арқылы да, күй арқылы да жеткізіп, тыңдаушы құлақтың ой-санасына бейбітшілікте өмір сүруге, бақыттың кілтін табуға, достыққа баулуға жетелеп, жаныңа жылылық пен дербестікті ұялатады. Шыңын мәңгі қар басқан биік тауларымен, сарқырай аққан өзендерімен, мөлдір сулы көлдерімен, шет-қиыры көзге көрінбейтін жазық далаларымен, қойнауында ұлан-асыр кен байлықтарымен, тасып жатқан қуатты өлкесімен, құт-мекеннің мәртебесі жоғарылығымен және тұғырының биіктігімен, бүгінгі таңдағы әлем мойындаған Қазақстан Республикасын еркіндікті аңсаумен болған өзге елдердің тарихымен салыстыру өте қиын. Мемлекет қайраткері, философ Георгий Александров: «Өзін-өзі тапқан адам өзге адамның пікіріне бағынышты болудан арылады», - демекші, кіндік қанымыз тамған жеріміздің қашан да еркіндікті аңсап, тәуелсіздік жолында тынбай күресуі салдарынан тарих сахнасында ешкімнің ықпалына көнбейтін қуатты мемлекет болып

танылды. Әрине бұл тәуелсіздік пен еркіндіктің туын жоғарыдан желбіретіп, оны ұстап тұру оңай жолмен келе қойған жоқ. Тарихтың тереңіне үңіліп, әрбір тас бетінде қалған таңбаларға қарап, бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірлердің есебінде кеткен шайқастар, аштық, жау тылында қалған елдің тарихын оқып, тәуелсіздіктің қандай жолмен келген екенін сезінесің...

Қайран қазағымның басына нендей күндер тұмаған десеңізші? Ер азаматтарымызбен қоса, біздің әпкелеріміз де қолға қару алып, күн-түн демей болашақ еліміз үшін сан майдандарға аттанған. Басқа біреудің қол астында жүруді қаламай, біреудің тізесіне бас игісі келмеген. Тек қана азат, тәуелсіз ел болуды мақсат еткен. Сондықтан да, бұдан тәуелсіздіктің бәрімізге де артар жүгі ауыр екенін сезінесің... Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов атамыз: «Тәуелсіздер тойын қуанышпен тойлайды, тәуелділер азаттықты алуды ойлайды, тәуелсіздің тойын тойла, тойлай жүріп оны өркендетуді ойла» - бұл сөздің астарында қанша мән-мағына жатыр десеңізші! Ал бүгінгі таңда біз – бәріміз тең құқықты, тең мүмкіндіктерді иеленген Қазақстандықтармыз! Еліміздегі 130-астам ұлт өкілдері 30 елдің қатарына кіру жолында ұлтымыздың ұлт болып ұйысуының, тарихымызды сақтаудың, тұлғаларымызды танудың, өткенімізді білудің, болашаққа бағдардың, келешекке кемел ғибратты із қалдырудың мәйегі болатын бастаманы қолға алып, аянбай еңбектеніп келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «... біз бастаған ауқымды түрленулер қоғамдық сананы озық жаңғыртумен ілесіп жүргізілуі тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», - деп айтқандай, Отанымызға адал қызмет етіп, адал ақ ниетімізбен, сүйіспеншілігімізбен, парасатты санамызбен алған білім мен тәрбиеміз арқылы елімізге қамқор болу – біздің негізгі міндетіміз деп ойлаймын.

Ендігі уақытта бабалар арманы болған, ащы термен келген тәтті жеңісімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа тәуелсіздігіміз

қандай қиыншылықтармен келгенін айтып, аманаттау біздің парызымыз! Ақын, түркітанушы, педагог, қоғам қайраткері А.Байтұрсынов: «Отан – әуелі, өзімізді қадірлей білу», - демекші, ең бірінші өзіне, екінші болашақ ұрпаққа жол көрсетіп, отансүйгіштік рухқа үгіттей алатын, бойынан жомарттық аңқып тұратын елдің нағыз азаматы болуымыз керек. Сондықтан мен де Қазақстан Республикасының азаматшасы ретінде, туған еліме қамқорлық танытып, өз еліме еңбегі сіңген адам болуды мақсат еттім. Өйткені, мен кіндік қаным тамған жерім Қазақстанымның патриотымын!